



Columbia College  
Vancouver, Canada

www.columbiacollege.ca

## Коламбия Колледж

1936 жылы ашылған Коламбия Колледж - Канададағы шетелдік студенттерді университетке дайындайтын алғашқы тәуелсіз колледждердің бірі болып саналады. Өзінің жетпіс жылдан астам тәжірибесінде, Коламбия Колледж мыңдаған студенттерді Канада мен АҚШ университеттерінде білім алуға дайындады. Ванкувердің сәнді орталығында орналасқан Коламбия Колледж шетелдік студенттерге төрт бағдарлама ұсынады:

### ■ Университетке ауысу бағдарламасы

Студенттерге Канадалық университеттерге, оның ішінде Британдық Колумбия Университетіне толығымен ауысуға мүмкіндік беретін жоғарғы оқу орнының бірінші және екінші курс бағдарламаларын ұсынады. Коламбия Колледжінің студенттік топтары студенттердің өз ісінің маманы саналатын оқытушылармен толықтай жақын араласуына мүмкіндік беретіндей шағын болып келеді.

Коламбия Колледжі ғылым мен білім саласында тиісті білім дәрежесін алуда төмендегі пәндер бойынша бағдарламалар ұсынады:

- Бизнес
- Есептеу техникасы (компьютерлік білім)
- Жобалау технологиялары (инжиниринг)
- Бұқаралық ақпарат құралдары
- Ғылым
- Гуманитария

### ■ Гуманитарлық пен ғылым саласының екі жылдық Ассоциат Дәрежесі

- Гуманитария саласының Ассоциаты
- Гуманитарлық саласының Ассоциаты (бизнес басқарымын тереңдетіп оқытуымен)
- Гуманитарлық саласының Ассоциаты (экономика пәнін тереңдетіп оқытуымен)
- Гуманитарлық саласының Ассоциаты (бұқаралық ақпарат құралдарының тереңдетіп оқытуымен)
- Ғылым саласының Ассоциаты
- Ғылым саласының Ассоциаты (математика пәнін тереңдетіп оқытуымен)



- Ғылым саласының Ассоциаты (компьютерлік білімін тереңдетіп оқытуымен)

Ассоциат Дәрежесі дегеніміз екі жыл ішінде университеттің алғашқы екі жылдық оқу бағдарламасына сай білім алған, соның ішінде берілген нақты курсттік талаптарды орындаған, оқушыларға ұсынылатын академиялық квалификация.

### ■ Университеттің Foundation бағдарламасы 11 мен 12 сыныптарының курстарын ұсынады

Бұл бағдарлама Британ Колумбиясының Провинциясымен толықтай сертификатталып, орта мектеп жүйесімен байланысатын 11 және 12 сыныптарының оқуын ұсынады. Барлық міндетті курстарды тәмәмдаған түлектер сертификат немесе Британ Колумбиясының жалпы орта білім туралы дипломын ала алады.


### ■ Ағылшын тілін оқыту бағдарламасы

Бұл бағдарлама ағылшын тілін академиялық оқуға сай толықтай меңгермеген оқушыларға арналған. Академиялық бағдарламаны бастамас бұрын ағылшын тілінен өз білімдерін жақсартуды қажет ететін студенттерге дайындық ретінде ұсынылады.



Біріккен Ұлттар Ұйымының адам дамуын бағалау нәтижелері бойынша, Канада басқа елдермен салыстырғанда ең жоғарғы орында тұр. Канаданың Тынық мұхит жағалауында орналасқан Ванкувер қаласы үлкендігі жағынан елдің үшінші қаласы болып саналады. Халықаралық сауалнамалар бойынша, Ванкувер дүние жүзіндегі бірден-бір қолайлы қалаларының бірі ретінде танымал. Бұның себебі табиғаттың жұмсақ және қауіпсіз ортасы, жоғары дамыған транспорттық және байланыс коммуникациясы, және де екі миллиондық тұрғынына паш еткен жоғарғы өмірлік стандарттар деңгейі.

# Оқу прогрессінің тақтасы



University of British Columbia (UBC)  
Simon Fraser University (SFU)  
University of Victoria (UVIC)



## Оқуға түсушілер үшін қойылатын талаптар:

Коламбия Колледжінің академиялық бағдарламаларын оқуға үміткерлер үлгерімі жағынан қанағаттанарлық есебі болуы және оқу басталар сәтке кем дегенде жасы 15,5те болуы керек. Егер, сіз ағылшын тілінен өз бағдарламаңыз бойынша қажетті минималды талапқа сәйкес келмейтін болсаңыз, сіз оның орнына академиялық оқуды ағылшын тілі курсымен ұштастыратын бағдарлама бойынша, ерікті қатысу жолымен немесе екінші тіл ретінде ағылшын тілін оқыту бағдарламасына жазылып оқуыңызға болады.

## Оқудың басталу кезеңдері

Оқу қыркүйек, қаңтар және мамыр айларында басталады:

Күзгі семестр: қыркүйек-желтоқсан,  
Қысқы семестр: қаңтар-сәуір,  
Жазғы семестр: мамыр-тамыз айларында.

## Бағдарлама бағасы/құны (канадалық долларымен)

Оқуға түсуге арыз бергенде төленетін ақы \$ 150  
Құжатыңызды қарау барысында төленетін жарна \$ 200  
Оқуына төленетін ақы (депозит) \$12000\*  
\*Бұл іштей оқудың екі семестрін қамтиды (24кредит \$500/ әр кредит құны)

## Тұру

Канадалық жанұяда тұру (сіздің қалауыңызбен)  
Айына \$ 800 (күнделікті 3 тағаммен қоса)  
Канадалық жанұяға орнату құны \$250

## Екі семестр бойына тұрғандығына кететін шығындар бағасы(8 ай)

Тұрағы мен тамағы \$ 6400  
Транспорт \$ 588  
Дәрігерлік сақтандыру \$ 554  
Басқа да шығындар \$ 2400  
Барлық құны \$ 9942

Kazakh 2015/16

